**Қарқаралы қаласындағы Мәди Бәпиұлы атындағы №44 ЖББ тірек мектеп (ро) жанындағы интернаты КММ-нің 2022 -2023 оқу жылындағы тәрбие жұмыстарына жылдық аналитикалық талдау**

«2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хатына сәйкес , Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі
№ 130 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы негізінде мектепішілік тәрбиенің жұмыс жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді.
Биылғы оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықтары-бағдарлық тәсілі енгізілді. Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Өткен оқу жылына талдау жасалып, жаңа оқу жылына міндеттер айқындалды, және де келесідей ұйымдастыру шаралары іске асырылды: сынып жетекшілері тағайындалды, тәрбие жоспарының бағыттары талқыланып, оның жүзеге асыру жолдары қарастырылды.

Сонымен қатар, тәрбиелік шараларға бақылау – басшылық жасау іске асты. Оның ішінде сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарлары тексерілді, бекіттірілді, оқушылардың мектеп формасына, күн тәртібіне бірыңғай талаптар қойылды.

Сонымен қатар, бала тәрбиесінде ата-аналар комитеті де өзіндік жұмыс жоспарын жасап, сол бойынша мектептегі жалпыға міндетті білім беру жөніндегі іс-шаралар сапалы өтуіне әрдайым көмек көрсетіп отырды.

**Тәрбие жұмысының мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

**Тәрбие жұмысының міндеттері:**

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

Сканировано с CamScanner

5.

Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басщылыққа алуына ықпал ету.

6.

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

8.

Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

9.

Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

2022-2023 оқу жылына арналған мектептің тәрбие қызметінің басым бағыттары:

1. **Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие**

-«Туған елге тағзым» жобасы

- «Адалдық алаңы»

- Балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу

- ЖЖЕ. Мектеп қауіпсіздігі

**2. Рухани-адамгершілік тәрбие.**

- «Оқуға құштар мектеп» жобасы

**3. Ұлттық тәрбие.**

-«Жас Қыран» және «Жас Ұлан» бірыңғай балалар ұйымыны

-Өнегелі өмір жобасы

**4. Отбасылық тәрбие.**

- «Отбасылық- мектеп жобасы»

**5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**.

- «Қоғамға қызмет ету» жобасы

- Кәсіптік бағдар беру

**6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.**

**7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.**

**8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

- «Флеш-моб», «Денсаулық күні» жобалары қамтылды.

2. **Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық құжаттары басшылыққа алына отыра, ҚР дәстүрлі мерекелері де тәрбие жұмысында қамтылды.**

3.

| **2020-2021** | **2021-2022** | **2022-2023** |
|---|---|---|
| **18+1** | **19+1** | **17+1** |

**Мектептің тәрбие жоспары бойынша келесі бөлімдер қамтылды:**

1. Мектепішілік тәрбие жоспары бойынша жалпы іс – шаралар;
2. ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану бағдарламасы бойынша іс-шаралар

Сканировано с CamScanner

3. Өзін-өзі басқару және «Жас ұлан, жас қыран» ұйымыжұмыстары;
4. «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы
5. Ата – анамен жұмыс, құқықтық оқулар;
6. Мектеп қауіпсіздігі (Жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар);
7. Сынып жетекші жұмысы;
8. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстар;
9. Жазғы сауықтыру жұмыстары;
10. Қорғаншылық пен қамқоршылықтағы білім алушылармен жұмыс.
11. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу
12. Діни экстремистік көзқарасқа қарсы жүргізілетін шаралар;

**Мектептің әлеуметтік паспорты**

Сыныптың саны- комплект -17
1-4 сынып -6
5-9 сынып -9
10-11 сынып -2

| № | Атауы | 2020-2021 жыл | 2021-2022жыл | 2022-2023ж. |
|---|---|---|---|---|
| | **Білім алушылар саны** | 281 | 302 | 293 |
| 1 | -мектепалды даярлық тобы | 18 | 14 | 27 |
| | Ұл балалар саны | 134 | 148 | 147 |
| | Қыз балалар саны | 144 | 154 | 148 |
| 2 | **Көп балалар отбасы саны** | 32 | 66 | 64 |
| | -оның ішінде балалар саны | 117 | 103 | 106 |
| 3 | **Аз қамтылған отбасылар саны** | 4 | 3 | 7 |
| | -оның ішінде балалар саны | 7 | 7 | 14 |
| 4 | **Толық отбасылар саны** | 231 | 213 | 35 |
| | -оның ішінде балалар саны | 262 | 279 | 35 |
| 5 | **Толық емес отбасы саны** | 16 | 20 | 35 |
| | -оның ішінде балалар саны | 17 | 23 | 35 |
| | -анасының тәрбиесіндегі балалар саны | 17 | 18 | 23 |
| | -әкесінің тәрбиесіндегі балалар саны | 1 | 2 | 3 |
| | -тәтесінің, ағасының тәрбиесіндегі балалар саны | 1 | 2 | 1 |
| | -атасының тәрбиесіндегі балалар саны | 0 | 0 | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - әжесінің тәрбиесіндегі балалар саны | 0 | 2 | 2 |
| | -атасы мен әжесінің тәрбиесіндегі балалар саны | 0 | 2 | 2 |
| | -оның ішінде өгей әкенің тәрбиесіндегі балалар саны | 0 | 0 | 3 |
| | Өгей шеше тәрбиесіндегі балалар саны | 0 | 0 | 1 |
| 6 | **Инвалид ата-ана саны** | 4 | 5 | 3 |
| 7 | **Мектеп формасын сақтамайтын діни ағымдағы оқушылар саны** | 0 | 0 | 5 |
| 8 | **Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған оқушылар саны** | 1 | 0 | 1 |
| | -қорғаншылық және қамқоршылықтағы | 0 | 0 | 0 |
| | -патронаттық тәрбиедегі | 0 | 1 | 1 |
| | -асырап алушы отбасы | 0 | 0 | |
| | -отбасылық балалар үйі | 0 | 0 | |
| 9 | **Мүгедектігі бар оқушылар және ерекше білімді қажет ететін білім алушылар** | 4 | 4 | 8 |
| | -инвалид балалар | 0 | 0 | 5 |
| | - ерекше білімді қажет ететін білім алушылар | 2 | 2 | 3 |
| | -Оның ішінде үйде оқытылып отырғандар | 0 | 0 | 0 |
| 10 | **Аудандық ішкі істер бөлімінде тізімде тұрғандар саны** | 0 | 0 | 0 |
| 11 | **Аудандық ішкі істер бөлімінде тізімде тұрған қолайсыз отбасылар саны** | 0 | 0 | 0 |
| | -оның ішінде балалар | 0 | 0 | 0 |
| 12 | **Мектепішілік бақылауда тұрған оқушылар саны** | 2 | 0 | 0 |
| 13 | **Ерекше педагогикалық тәрбиені қажет еретін«Қауіп- қатер» тобындағы балалар саны** | 0 | 0 | 0 |
| 14 | **Мектептегі бейне бақылау саны** | 16 | 16 | 16 |
| 15 | **Күзет агенттігі** | 0 | 3 | 3 |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 16 | **Бекітілген мектеп инспекторы** | 0 | 0 | 0 |

| № | Тәрбие бағыттары | 2020-2021 оқу жылы | 2021-2022 оқу жылы | 2022-2023 оқу жылы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие бағытында | 28 | 31 | 29 |
| 2 | Рухани–адамгершілік тәрбие | 12 | 12 | 17 |
| 3 | Ұлттық тәрбие | 10 | 10 | 14 |
| 4 | Отбасы тәрбиесі | 11 | 13 | 15 |
| 5 | Еңбек және экономикалық, экологиялық тәрбие | 6 | 16 | 9 |
| 6 | Көпмәдениетті және көркем–эстетикалық тәрбие | 11 | 17 | 9 |
| 7 | Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі | 9 | 11 | 9 |
| 8 | Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты | 10 | 17 | 24 |
| 9 | Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру | | 6 | - |
| 10 | ЖЖЕ. Бала өмірін қауіп қатерден сақтау | 9 | 14 | 9 |
| 11 | «Адалдық алаңы» жобасы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті | 11 | 9 | 9 |
| 12 | Балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу шаралары | 2 | 9 | 9 |
| 13 | Адамгершілік жыныстық тәрбие | 3 | 10 | 8 |
| 14 | Кәсіптік бағдар беру | 18 | 7 | 9 |
| 15 | Балалар мен жасөспірімдердің бойында позитивті өмірлік ұстаным қалыптастыру бойынша шаралар | | 4 | 12 |
| | | | | |

2022-2023 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспарына биылғы оқу жылына Назарбаев Зияткерлік меткептерінің тәрбиелеу жүйесіндегі «Шаңырақ» жобасының 6 жобасы аясында екінші жыл жұмыс жүргізіліп отыр.

Өз-өзіне сенімді, ой-өрісінің тәуелсіздігімен ерекшеленетін, құндылықтарды бойына сіңіре білген, сыни тұрғыдан ойлана білетін тұлға тәрбиелеу мақсатында Қарқаралы қаласы №44 орта мектебінде «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы жұмысын жалғастыруда. «Шаңырақ» ұғымы қазақ үшін қашанда киелі. Шаңырақ «үй, отбасы» деген мағынаны да білдіреді. Шаңырақ – бірліктің, ынтымақ пен берекенің символы іспеттес. «Шаңырақ» атауымен құрылған оқушылар қауымдастығы – жоғары және төмен сынып оқушылары арасындағы бірлік, өзара сыйластық, ынтымақтастық,сенім,қамқорлық сезімдерін қалыптастыруға негізделген жоба.

Оқушылар қауымдастығының мақсаты - бірыңғай топтар құру арқылы оқушыларды ауызбірлікке, біртұтастыққа бейімдеу, жоғары сынып пен төменгі сынып оқушылары арасында бауырмалдық, қамқорлық қарым-қатынас қалыптастыру болып табылады. Мектепте 10 шаңырақ құрылып, әр шаңырақ үш сыныптан тұратын болды. Шаңырақтарға сынып жетекшілер жетекшілік етеді. Оқу жылының басында Шаңырақтардың презентациясы, өздерін таныстыру шарасы өтті, Онда әр шаңырақ өздерінің атауымен, эмблемасымен, ұранымен таныстырды.

Сканировано с CamScanner

**«Шаңырақ» оқушылар қауымдастық бірлестіктері**

| «Шаңырақ» атауы | сыныптар | бағыты | Сынып жетекшілері |
|---|---|---|---|
| «Қарқаралы» | 1-11 | Іс-шаралар, оқу үлгерімі бойынша, тәртіп | Аринова Ә.Қ, Адамбаева Ж.Ж. |
| «Бірлік» | 2а-7а«Бірлік» | Іс-шаралар, оқу үлгерімі бойынша, тәртіп | Исина Ж.Қ. Ктанова М.С. |
| «Бәйтерек» | 3а-8а | Іс-шаралар, оқу үлгерімі бойынша, тәртіп | Сайлау Л. Асанова Ә.К. |
| «Достық» | 2ә-7ә | Іс-шаралар, оқу үлгерімі бойынша, тәртіп | Қыстаубай А.Ә. Мусилимова С.Т. Исина Г.А. |
| «Сарыарқа» | 4а-10 | Іс-шаралар, оқу үлгерімі бойынша, тәртіп | Сулейменова А.А. Акимбеков С.Т. |
| «Астана» | 4ә- 10 | Іс-шаралар, оқу үлгерімі бойынша, тәртіп | Мусина А.Т. Мүрсәлім А.Е. |
| «Ынтымақ» | 5а-9а | Іс-шаралар, оқу үлгерімі бойынша, тәртіп | Абеуова Н.У. Ахметова Г.Қ. |
| «Кент» | 5ә- 9ә | Іс-шаралар, оқу үлгерімі бойынша, тәртіп | Аринова Ә.Қ. Ибраева Г.Қ. |
| «Қарқаралы» | 6а-9а | Іс-шаралар, оқу үлгерімі бойынша, тәртіп | Торбаева И.М. Адамбаева Ж.Ж. |
|  | 6ә-9ә | Іс-шаралар, оқу үлгерімі бойынша, тәртіп | Сағындық А.Ж. Адамбаева А.Ө. |

**Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие**

**Мақсаты:** білім алушылардың бойында патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезім; тұлғалық еркіндік құндылығын; адамаралық және топаралық төзімділік құндылығын; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеу; меншік пен материалдық молшылық құндылығын; еңбекті құрметтеу; өмірге деген құрмет сезімін; түрлі кемсітушілікке жол бермеу, адамдардың теңдік құқығы идеясының принципін қалыптастыру.

**2022 жылғы 1 қыркүйекте** республиканың барлық жалпы білім беретін мектептерінде **«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»** тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізіледі.Сынып сағаты аясында адам өміріндегі құндылықтардың рөлін талқылауға басты назар аударылады.Салтанатты жиынымыздың құрметті қонағы ретінде Қарқаралы қаласы әкімінің орынбасары Н.Есов, ауған соғысының ардагері Н.Аубакиров және мектебіміздің зейнеткер ұстаздары қатысты. Салтанатты жиын барысында санитарлық нормаларды сақтай отыра мектебіміздің білім алушыларының ата-аналары да қатыстырылды.



Сканировано с CamScanner

Қазақ халқы тілдер күніне және Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойына орай қыркүйек айының 14-і күні жоғары сынып оқушылары "Ахмет ұлт ұстазы" тақырыбында эссе жазды. Шығармашылық жұмыстарында оқушылар ұлт жанашырына деген құрметін терең жеткізе білді. Сонымен қатар, ұлтына, тіліне деген жанашырлық сезімін ой қорытындылары арқылы тебірене жеткізген оқушылар да болды.
«Тілің – сенің тірегің» атты 6 сынып білім алушылар арасында әдеби жәрменке, 5"Ә" сынып оқушыларымен "Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы" тақырыбында әдеби сағат, Ахмет Байтұрсынұлы және тіл мәдениеті» тақырыбында дөңгелек үстел және 9 «А» сынып білім алушылары ұлт ұстазы, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ағартушы, тілші-ғалым, өз халқын сүйген патриот Ахмет Байтұрсынұлының өмір белестерін, ағартушылық мақсаттарын, ақын мұрасын ортаға салып, білім алушылар өз ойларымен ой бөлісті. Білім алушылар тіл туралы, тіл мәртебесі жайлы және Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны мен шығармаларына тоқталды.

Осындай игі шаралар өз тілімізге, өз ұлтымызға деген құрмет сезіміміз күшті болғанда ғана тегеуріні мықты елге айналатынымызды сезіндіре алғандай.





Ахмет Байтұрсыновтың 150жылдық мерейтойына орай мектеп педагогтері, кіші қамту қызметкерлерінен және 6-11 сынып оқушыларынан қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен " Ахмет Байтұрсынұлы-Ұлт жанашыры" тақырыбында жалпы облыстық ашық диктант жазды. Ерікті қатысушылар барынша қызығушылық танытты.






Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 34 жыл толуына орай, білім алушыларға Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру, ардагер ағалармен ашық әңгімелесу, сұхбаттасу, өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету, Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу мақсатында "Ауғанның асуында от кешкендер" тақырыбында ауған соғысы ардагерлеріне арналған мерекелік концерт өтті. Іс-шараға өмірінің өлшеулі бір бөлігін, жалындаған жастық шағының жартысын оқ пен от арасында өткізіп, елге аман-сау оралып, туған жерімен қауышқан ауған соғысының ардагерлері, атап айтқанда, Татьяна Тусуповна-Ауған соғысында қайтыс болған Жақтыбаев Нағашбай атты пропоршиктің жұбайы, Канафин Ерғали Сайлауұлы, Әубәкіров Нұрлан Омарұлы-Ауған соғысының мүгедектері мен ардагерлерінің төрағасы, Жумадилов Шаймұрат Нәзімбекұлы, Нұрашов Қайырбек,

Сканировано с CamScanner

Әбішов Ырымбай Тұрсынхановичтер қатысты. Шара ең алдымен ауған соғысында ерлікпен қаза тапқан боздақтарды 1 минут үнсіздікпен еске алумен басталды. Әрі қарай іс-шара мектебіміздің әнші, биші білім алушылардың өнерлерімен жалғасты.

"Ауғанның асуында от кешкендер" тақырыбында, әскери патриоттық тәрбие беру, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында "Қалқан" әскери-спорттық сайыс өткізілді. Жалпы сайыс 5 түрден өткізіліп, қорытынды бойынша I орынды 9 "А" сыныбы, II орынды 9 "Ә" сыныбы иеленді





Мамыр мерекесімен Жеңіс күні қарсаңында 2023 жылдың 04 мамырда сағат 11-00-де "Еркін ел ұрпағы" жалпыұлттық патриоттық диктанты өткізілді.

Мақсаты: Еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін дәріптеу, ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұраттарды бойына сіңірген патриоттық рухты ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері: Қазақстандықотардың мемлекеттік тілді білу деңгейлерін анықтау, мемлекеттік тілде сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру, диктант мәтіні арқылы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу.

Диктантқа 2-11 сыныптардан 240 білім алушы, педаготармен қызметкерлерден 20 адам қатысты.





Сонымен қатар Ұлы Жеңіс күніне арналған "Жеңіс лентасы" челленджіне білім алушылар, мектеп ұставздары қатыстырылды.





"Адал ұрпақ" мектеп клуб мүшелерінің бастамасымен «Бес асыл іс» челленджі ұйымдастырылды. Челленджді ұйымдастырудағы көзделген мақсат: жастарды жақсылық жасауға, мұқтажға көмек көрсетуге, үлкен, кішіні құрметтеуге, табиғатты сақтауға, адамзаттың түпсанасынан «жақсы іс қаражат пен ақшаға тіреледі,»-деген стереотивті жою. Челлендж басқа ұйым мүшелеріне жолданып, жалғасын табуда.

Сканировано с CamScanner





Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығына сәйкес білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру бойынша оқу-жаттығу шаралары ұйымдастырылды.
Арнайы жиын өткізіліп, мектеп қызметкерлері мен білім алушылар төтенше жағдай кезіндегі іс қимыл алгоритмі бойынша нұсқаулықпен таныстырылды.





Балаларды қорғау күніне орай "Балалық шақ әлемі қандай ғажап!" Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған "Бақыт, Күн, Достық - балаларға" атты флешмоб ұйымдастырылды.



4 маусым-Рәміздер күніне орай, мектеп білім алушыларының патриотизм рухын нығайтуға, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге бағытталған бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды.
8-9-10-сыныптар аралығында "Рәміздер-рухымыз, ар-ожданымыз" тақырыбында эссе жазды.
5-7 сыныптар "Ел рәміздер-ел рухы", "Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтанышымыз" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

**Құқық бұзушылықтың алдын алуда** 14 қазан күні «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының 8-11 сынып білім алушылары "Мектеп мүлкі-өз мүлкің"атты мектептегі тәртіп туралы сынып арасында сынып сағаттарын өткізді. Мақсаты: Оқушылардың педагогикалық мамандық негіздерін игеруге шығармашылық қабылеттерін қалыптастыру. Мектеп ішіндегі тәртіпті сақтай отырып,өздерінің міндеттері мен құқықтарын білу. Осы сынып сағатында оқушылар мектеп мүлкі және оны сақтау туралы өз пікірлерін айтып, талқыға салды. Пікірталас соңын оқушылар мектеп мүлкін ғана емес, кез келген қоғамдық орындарда тәртіп пен мәдениеттілікті сақтау, мүліктердің сақталуына жауапкершілікпен қарау барша адамдардың парызы екендігімен қорытындылады.

Сканировано с CamScanner





13.10.22жылы 9 «А» сыныбында «Мектеп заң аумағы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: оқушыларға өз міндеттерін түсіндіру, мектеп қабырғасындағы тәртіпті түсіндіру. Қатысқан оқушылар саны: 17. Оқушыларға «Мектепте қандай ережелерді сақтау керек?» , «Мектептегі басты оқушының міндеті қандай?» деген сұрақтар қойылды. Оқушылар мектеп ережесін толық түсініп, өзара пікірталас жүргізді. Өткізген: сынып белсендісі Амантай Әсем.




Қарағанды облысы әкімі орынбасарының 19.09.2022 жылғы №18-13/7208 хатын, аудандық білім бөлімінің 23.09.2022ж №146/нқ бұйрығы негізінде, 2022 жылдың 23 қыркүйек күні мектеп директорының №248 бұйрығы шығарылды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Т.Искакова, дене шынықтыру пәні мұғалімі Н.Н.Ілдебай, АӘ және ТД пәні мұғалімі Ж.М.Толымбеков, технология пәні мұғалімі Д.Ғ.Мерсалимов және қаламыздың басқа да білім беру мекемелерінің ұстаздарымен, ювеналды полиция тобы инспекторларымен бірге түнгі сағат 18:00 мен 23:30 аралығында «Түнгі қаладағы балалар» жедел алдын алу іс – шарасына қатысты. Акцияның мақсаты кәмелетке толмағандардың құқықтарының бұзылуы, тұрмысы нашар отбасыларды, бала еңбегін қанау деректерін анықтау, қараусыздықтан, қадағалаусыздықтың алдын алу.







«Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының 10 сынып білім алушылары 5«Ә» сынып білім алушыларына «Қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік» тақырыбында профилактикалық әңгіме жүргізді. Тәрбие сағатында әкімшілік құқық және құқықбұзушылық, буллинг мәселелері туралы сөз қозғалды.

1-4 сынып білім алушылар арасында балалардың қауіпсіздігі бойынша сынып сағаттарында білім алушылар мектеп пен үй

Сканировано с CamScanner

арасындағы қашықтық жайлы суреттерімен бөлісіп, пікірлерін айтты.






«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда 2-11 сынып білім алушылар арасында қыркүйектің 1-2 аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы тақырыпта «Адалдық сағаттарын» өткізілді, білім алушылар арасында "AMANAT" партиясының Қарағанды облыстық филиалының атқарушы хатшысы Б.Алтынбековпен түсірілген бейнероликті көрсетіліп, білім алушылар пікірлерімен бөлісті.







"Қарағанды облысының білім басқармасы" ММ бастамасымен рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контексінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру мақсатында ақпараттық керуен Қарқаралы ауданына келіп, "Адал ұрпақ" ерікті клуб мүшелерімен форум өткізді. Әрі қарай форум секция жұмыстарымен жалғасын тапты. Мәди Бәпиұлы атындағы №44 ЖББ тірек мектебі (ресурстық орталық) жанындағы интернат" КММ-не Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті жанындағы ақпараттық ағартушылық топ спикері - Мұстафин Серік Хамзеұлы келіп, мектеп ұстаздары мен білім алушылары арасында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы" тақырыбында пікір алмасты. Сонымен қатар Серік Хамзеұлы "Адал ұрпақ" клубының ұйымдастыруымен салынған сурет көрмесін тамашалады.

Сканировано с CamScanner

07.11 - 11.11.2022 күндері аралығында жолда жүру ережесін насихаттау және





білімалушылардың өмір қауіпсіздігін алдын алуда 1-8 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары, бейнеролик сағаттары, суреттер көрмесі өткізілсе, ата-аналарға бала қауіпсіздігіне арналған жадынамалар әлеуметтік желілер арқылы таратылып, ата-аналар жиналыстарында таныстырылып отырылады.

2022 жылдың 19 желтоқсанында 1-11 сыныптар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы тақырыпта "Адалдық сағаттары" өткізілді. Адалдық сағаты барысында Қарағанды облыстық "Әнет баба" мешітінің имамы Нұржігіт Оразалыұлымен түсірілген бейнеролик көрсетілді.









"Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубының ұйымдастыруымен жыл ішінде "Адалдық дүкені" жұмыс жасайды. Мақсаты-қоғамда сенім атмосферасын қалыптастыру және оқушыларға өздерін жақсы, адал адам ретінде тануға мүмкіндік беру.

2022 жылдың 19 желтоқсанында 1-11 сыныптар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы тақырыпта "Адалдық сағаттары" өткізілді. Адалдық сағаты барысында Қарағанды облыстық "Әнет баба" мешітінің имамы Нұржігіт Оразалыұлымен түсірілген бейнеролик көрсетілді. Көрсетілімнен кейін білім алушылар арасында талқыланды



1-8 білім алушылар арасында мектеп психологі «Мектептегі булингтің алдын алу прфилактикасы» бойынша тренинг сағаттары мен 5-8 сынып білім алушыларынан сауалнама, презентация көрсетілімі және білім алушылардан адалдық парағы толтырылды.

31 қазан мен 6 қараша арасындағы каникул кезінде 7 «А» -сынып білім алушылармен, оқушылардың бір – бірімен қарым –қатынасын жақсарту негізінде оларды адалдыққа, достыққа,

Сканировано с CamScanner

шындыққа, тәрбиелікке үйрету мақсатында «Сынып ішіндегі қарым-қатынасты жақсарту» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі 2022-2023 оқу жылына арналған кешенді іс-шаралар жоспарына сәйкес, білім алушылармен өткізілетін алдын алу шараларына тақырыптары бойынша 6 «А» сыныбында «Сен өз құқығыңды білесің ба?» тақырыбында топтық сайыс өткізілді.





«Қарқаралы қаласының Мәди Бәпиұлы атындағы №44 жалпы білім беретін тірек мектеп (РО) жанындағы интернат» КММ-де, Аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері жол патрульдік бөлімінің басшысы полиция капитаны Ж.Айтпаев және ЖПҚ-ның аға учаскелік инспекторы полиция майоры К.С.Нургазин 11.11.2022 күні 2-4, 5-7 сыныптар аралығында жолда жүру ережесін насихаттай отыра, жол қауіпсіздігін алдын алуда профилактикалық әңгіме сағатын өткізді.





Зиянды әдеттер және олардың алдын-алуға бағытталған апталық іс-шаралар жоспары аясында 8-11 білім алушылардың арасында 2022 жылдың 1 желтоқсан күні нашақорлықтық алдын алуда Қарқаралы аудандық аурухананың нарколог - психиатр дәрігері Айтжанова Майра Рахымжановна және Қарқаралы қаласының аудандық ішкі істер бөлімінің кәмелетке толмағандар жөніндегі полиция инспекторлары полиция капитаны А.Ж. Елубаева, полиция аға лейтенанты Т.М. Жұмағазының қатысуымен жол көлік оқиғаларының алдын алу, электронды темекі, құқық бұзушылықтың алдын алу және зорлық зомбылықтын алдын алуда кездесу ұйымдастырылды.






Қарқаралы қаласының Мәди Бәпиұлы атындағы №44 жалпы білім беретін тірек мектеп (РО) жанындағы интернат" КММ-де бастауыш сыныптар арасында 13-17 ақпан

Сканировано с CamScanner

аралығында Құқықтық навигатор" аптылығының ашылуына орай "Балалар құқығы әлемі" атты жиын өткізілді. Жиын барысында апталық жоспармен білім алушылар таныстырылды. Бастауыш сынып жетекшілері білім алушыларға бақытты балалық шақ ұғымының мәнін терең ашып, дүниетанымын кеңейту мақсатында 1 сынып жетекшісі Ә.Қ. Әрінова білім алушыларымен «Балалық шақтың түрлі – түсті әлемі» тақырыбында, 2 «А» сынып жетекшісі Ж.Қ.Исина білім алушыларымен "Менің отбасым сурет көрмесі" тақырыбында суреттер сайысын өткізді. Онда балалар өз қиялын өрбітіп түлі суреттер салды.

5-7 сынып білім алушылар арасында мектеп кітапханашысы М.Назарова тақырыптық кітап көрмесі ұйымдастырды. Кітап көрмесін өткізудің басты мақсаты білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру.









де 6-7 сынып білім алушыларымен Қарқаралы ауданы ПБ-нің ЮПТ КТІЖ аға уч.полиция инспекторы А.Ж.Елубаевамен «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік» тақырыбында кездесу өткізілді.Полиция инспекторы жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық жайында және бөтеннің мүлкін ұрлау, қарақшылық, алаяқтық туралы баяндап, одан сақ болудың жолдарын түсіндірді. Түнгі уақытта жүрудің жасөспірімнің өміріне қауіпті екенін ескертті. Сонымен қатар бүгінгі таңда оқу орындарында да, қоғамдық орындарда және сауда-саттық орындарында да бейнебақылау камералары өте көп екендігін, сондықтан қылмысқа барудың соңы жақсылыққа алып келмейтіндігін нақты мысалдар келтіре отырып жеткізді. Бүгінгі күнде интернетке тәуелді жасөспірімдер санының азаймай отырғаны қоғамда алаңдаушылық туғызып отырған көкейкесті мәселе. Әсіресе, әлеуметтік желілердің жас аудитория үшін кері әсерін тигізіп отырғанына мамандар дабыл қағумен келеді. ПБ-нің ЮПТ КТІЖ аға уч.полиция инспекторы А.Ж.Елубаева интернет кеңістікті дұрыс пайдаланбаудың салдарынан жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық көрсеткіштерінің азаймай отырғандығын айта келе, интернет және әлеуметтік желілердің кері ықпалын, осы бағыттаға жасалған қылмыстар туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.





Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес балалар еңбегін пайдалануға белгілі бір шектеулер бар, атап айтқанда: кемсітуге, мәжбүрлі еңбекке және балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне, ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарға жол беруге, үстеме жұмыстарға тартуға және т. б. тыйым салынған.

Сканировано с CamScanner

1-12 маусым аралығында Ұлттық ақпараттық науқан "Балалар еңбегін пайдалануға қарсы 12 күн" акциясын өткізеді, оның мақсаты жұртшылықтың, соның ішінде ересектердің, балалар мен олардың ата-аналарының назарын балалар еңбегінің ең нашар түрлерін қолданудың алдын алу мәселелеріне аудару, сондай-ақ осы салада құқықтық ақпараттандыру болып табылады.
Бұл акцияның рөлі - балалар еңбегін пайдаланудың алдын алу және болдырмау мәселелерінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, жұмыс берушілер мен БАҚ-тың әріптестігі мен ынтымақтастығын дамытуға ықпал ету. Еңбек заңнамасының нормаларын сақтауға, балалық шақтың құндылығын, баланың құқығы мен бостандығын сақтауға шақыру.






Оқу жылы ішінде Мектепке жол және қамқор акциясы барысында бірқатар жұмыстар жүргізілді.

Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы функционалдық сауаттылықтарын арттыру, денсаулық сақтаудағы өз құқықтарын білу мақсатында Қыстаубай Арайлым Әскербекқызының ұйымдастыруымен "Салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбында 3-сынып білім алушылары мен мектеп медбикесімен кездесу сағатын өткізді. Онда білім алушыларға мектеп медбикесі Омарбекова Айша Капиятовна салауатты өмір салты туралы мағлұматтар берді. Сынып жетекші А.Әскербекқызы білім алушыларға «Менің құқығым!» тақырыбында өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік берді. Кездесуде медбикеге сұрақтар қойылды. Балалар тазалық, денсаулық, дұрыс тамақтану туралы ойларын жақсы жеткізе білді.

Қарағанды облысы білім басқармасының №5-6.2111 хатына сәйкес, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 9-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылып отырған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы 1-11 сынып білім алушылары арасында "Адалдық сағаттары" өткізілді. Адалдық сағаттарында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің экс-қызметкері Азамат Есжанов туралы түсірілген бейнеролик көрсетілді.





Аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері ЖПҚ-ның аға учаскелік инспекторы полиция майоры К.С.Нургазин, КТІЖТ аға инспекторы А.Елубаева 04.04.2023 күні 8-11 сыныптар аралығында Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында «Нашақорлыққа жол жоқ» профилактикалық әңгіме сағатын өткізді.

Сканировано с CamScanner




**Жақсылық жасауға асығайық !** «Қамқорлық» қайырымдылық акциясына арналған мектепішілік жәрменке өткізілді. 3- 11 сынып білім алушылары қатыстырылды.
Қазан айында Астана қаласының 2014 жылы туған сал ауруына шалдыққан Жумабеков Айсұлтан Медетұлына 52 мың 500 тенге көлемінде көмек берілді.




Қыркүйек айында 9 сынып біілім алушысы Шәріп Айшаны 68 000 мың теңгеге мектеп формасы және оқу құрал жабдықтарын алып берді.
4 сынып білім алушысы Какежанов Бағдатты мектебіміздің ата-анасы Жекеева Рабиға 33 000 мың теңге көлемінде көмек көрсетті, жеке кәсіпкер Қайырбекова Салтанат 30 550 мың теңге көлемінде аяқ киіммен көмек жасады, «Стиль» дүкені Иоган Надежда 85 000 мың теңге, «Мөлдір» дүкені білім алушыларға 35 400 мың теңге оқу құрал жабдықтары және аяқ киімдермен , Қарқаралы «Гүлдер» дүкені білім алушылардың жаңа жылдық шыршасына 8 кг шоколад конфеттерімен көмек көрсетті. Барлығы: 218 950 мың теңге .

Қазан айында мектеп білім алушылары аудандық «Берекелі күз» мерекесіне өз қолдарынан жасаған бұйымдарынан көрмеге қатысты. Барлық көрмеге қатысқан 1-8 сынып білім алушылары марапатталды.





Құқық бұзушылықтың алдын алуда ақпан айында13-17 ақпан аралығында "Құқықтық навигатор" аптылығының ашылуына орай "Балалар құқығы әлемі" атты жиын өткізілді.

Сканировано с CamScanner

"Мектеп жарғысында бекітілген оқушылардың құқықтары мен міндеттері", "Әлем балалар көзімен", "Балалық шақтың түрлі - түсті әлемі" атты суреттер ілінген стенд жасалды. Мусина Айнұр Тұрсынқызы "Құқықтық білгірлер» тақырыбында 4-сынып білім алушыларымен іскерлік ойынын өткізді. . Сынып жетекші А.Әскербекқызы білім алушыларға «Менің құқығым!» тақырыбында өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік берді. Кездесуде медбикеге сұрақтар қойылды. 8-9 сынып білім алушылар арасында эссе байқауы өтті. Білім алушылар «Егер мен президент болсам», «Егер мен мектеп директоры болсам», «Құқығым бар және міндеттерімді ұмытпасам» тақырыптарында эссе байқауы өтті. Байқауға 9 «А», «Ә» сынып білім алушылары атап айқанда Қали Естай, Женіс Айшуақ, Рамазан Аяла, Айып Ділдә , 8 сынып білім алушылары Әукен Инабат, Мейрам Ділназ жан-жақты эссе тақырыбын аша білді. 15 ақпан күні 5-7 сынып білім алушылар арасында мектеп кітапханашысы М.Назарова тақырыптық кітап көрмесі ұйымдастырды. Кітап көрмесін өткізудің басты мақсаты білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру .1 сынып жетекшісі Ә.Қ. Әрінова білім алушыларымен «Балалық шақтың түрлі – түсті әлемі» тақырыбында, 2 «А» сынып жетекшісі Ж.Қ.Исина білім алушыларымен "Менің отбасым сурет көрмесі" тақырыбында суреттер сайысын өткізді.








**Ұлттық тәрбие.**

Жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау мақсатында 25-қазан Қазақстан Республикасы күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес 1-11 сыныптар арасында "Болашақ бүгіннен басталады", "Тәуелсіздік - халық мұраты" тақырыптарында тәрбие сағаттары, Өнеріміз саған-Қазақстан" тақырыбында сурет көрмесі, линейка өткізілді.

Желтоқсан айында, 2-5 сынып білім алушыларын "Жас Ұлан" "Жас Қыран" жасөспірімдер ұйымына қабылдау рәсімі салтанатты түрде болып өтті. Ұстаздар мен ұйым белсенділері өз Отанының патриоты, білімге құштар болуға, ел үшін аянбай еңбек етуге ант берген білім алушыларға салтанатты түрде галстук пен төсбелгі тағып сәттілік тіледі.










Сканировано с CamScanner

25 қазан күні "Қыран елім-Қазақстаным" атты патриоттық челлендж аудан басындағы мектептерге жолданды.







"Алаш" айлығы жоспары аясында " Ұлт мақтанышы-алаш арыстары" тақырыбында 10 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел, тарих пәнінің мұғалімі Ж.Т.Искакованың ұйымдастыруымен "Азаттықты аңсаған Алаш жолы" тақырыбында әдеби-музыкалық композиция ұйымдастырылып өткізілді.





Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата - бабаларымыздың ерлігін паш ету, білім алушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға - апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету, білім алушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту мақсатында 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылып жатқан апталық жоспарына сай 1-11 сыныптарында "Тәуелсіздік -тұғырым", «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы!» тақырыптарында тәрбие сағаттары, 7-11 сынып білім алушылары қабырға газеттерін шығарды.






Еліміздің қазақ қоғамы мен мемлекетінің қайраткері, ағартушы, ақын, аудармашы, педагог, публицист, түркітанушы, ғалым, Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылыдығына орай
«Ұлттық рухани көсемі» атты бейнеролик 1-11 сынып білім алушыларының назарына ұсынылды. Бейнероликтен кейін білім алушылар бір-бірімен пікір алмасты.




Сканировано с CamScanner

 

27.01.22жылы 9"А" сыныбында "Ұлттық дәстүрлер,әдет-ғұрып" тақырыбында интелектуалды ойын өткізілді. Мақсаты: оқушылардың дәстүрлер мен әдет-ғұрыпты білу деңгейін тексеру, дәріптеу.Қатысқан оқушылар саны:18. Оқушыларға түрлі дәстүрлер жайлы сұрақтар,мақал-мәтелдер қойылды. Сабақ өте жоғары деңгейде өтті. Өткізген: Амантай Әсем, Мұбарак Толғанай, Дүйсенбек Бектас.

Қаңтар айының 16-20 күндері аралығында пән мұғалімі Н.У.Абеуованың ұйымдастыруымен көркем еңбек пәні бойынша көрме жұмыстары ұйымдастырылды. Сабақ барысында ұл балалар ұсталық ағаш өнерімен, күйдіру жұмыстарымен танысса, қыз балалар тоқыма, кесте тігу, киім тігу, аппликация ,матамен жұмыс сияқты жұмыстарды үйрене отырып ,олардың тарихымен танысады және өңдеу, жасалу технологиясын оқып-біліп, әр-түрлі бұйымдарды жасауды толық меңгереді. Тігін өнерімен қатар бисер тоқу, су моншақпен жұмыс жасау, қағазбен жұмыс, табиғи материалдармен жұмыс жасау білім алушылардың қиялын кеңейтіп, жұмыс істеуге деген қабілеттерін арттырады.

  

Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесінде 3-сыныптың "Аналар мектебінің" ұйымдастыруымен қазақ ұлтына тән салт-дәстүрлердің ішінде көнеден келе жатқан жоралғылардың бірі – бесікке салу рәсімі көрсетілді.
Сынып жетекшісі: Қыстаубай Арайлым Әскербекқызы

  

"Мектеп парламентінің" президенті мен министрлерінің ұйымдастыруымен "Наурыз-балалар мерекесі" тақырыбында акция ұйымдастырды. Акция барысында "Мектеп парламентінің" мүшелері 5-7 сынып білім алушылары мен мектеп ұстаздарына наурыз тақырыбында сұрақтар қойып, дұрыс жауап бергендерге тәтті тоқаш пен бауырсақтар таратты. даярлық сыныбында 23 бала және сол балалардың ата-аналарының қатысуымен "Қош келдің" тақырыбында наурыз мерекесі өтті.
Мерекеде қазақ хақының салт-дәстүрлері тұсау кесу, бесікке салу көрсетілді. "Адал ұрпақ" клубының мүшелері "Қайырымды Ұлт" акциясы қарсаңында қаламыздың тыл ардагері, 87 жастағы Терёхина Вера қарт апайымыздың есік алдындағы ауласын тазартып, жыра жасап көмектесті.

   

Сканировано с CamScanner

«Әкелер мектебінің» ұйымдастыруымен қазақтың ұлттық ойындары асық ойнау, арқан тартысу, қол күресу, теңге алу ойындары арқылы балаларға қазақтың салт – дәстүрі, әдет – ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру ұлттық ойындар ойнатылып, мәдени шаралар ұйымдастырылды.
Сынып жетекшісі: Қыстаубай Арайлым Әскербекқызы





1-мамыр «Қазақстан Халықтарының Бірлігі» күніне орай, «Қазақстан-бірлік пен татулықтың ордасы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға Қазақстан Республикасы әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып сырттан келген басқа ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығын ұғындыру. Қазақстандық патриотизмге, елін, жерін сүюге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу. Басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, әдет-ғұрпын сыйлауға үйрету.Пән мұғалімі: Ақтанова Қ.Қ.
1 сынып білім алушылары арасында «Қазақстан-татулық пен бірліктің ордасы» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Оқушылар 1 - мамыр мерекесі жайлы мағлұмат алып, түрлі ұлт өкілдерінің ұлттық киімдерін киіп, мерекеге арнаған өлең жолдарын айтты. Сынып жетекшісі: Әрінова Ә.Қ. 3-сынып білім алушылары арасында "1 мамыр - Қазақтан халқының бірлік күні" тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Сынып жетекшісі: Қыстаубай А.Ә.





**«Рухани тәрбие»**
Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін

Сканировано с CamScanner

| 2 | Ілдебай Нұрымбек | Мұғалім<br>**дойбы** | Еңбек күніне арналған еңбек ұжымдары арасында шахмат ж/е дойбы ойынынан өткізілетін жекелей біріншілік жарыс | Аудандық | Мадақтама |
| 3 | Қыздар командасы. | 8-9 сыныптары | «25қазан – Қазақстан Республикасы күні» мерекесіне арналған баскетбол 3х3 оқушылары аралық аудандық жарыс | Аудандық | Мадақтама<br>II орын |
| 4 | Ұлдар командасы | 9 сынып | «25қазан – Қазақстан Республикасы күні» мерекесіне арналған баскетбол 3х3 оқушылары аралық аудандық жарыс | Аудандық | Мадақтама<br>III орын |
| 5 | № 44 ЖББ | Белсенді қатысқаны үшін | «25қазан – Қазақстан Республикасы күні» мерекесіне арналған баскетбол 3х3 оқушылары аралық аудандық жарыс | Аудандық | Алғыс хат |
| 6 | Кеңес Қуаныш | 6 сынып | Республикасы күніне орай өткізілген «Алтын күз» мерекесінде оқушылар арасында «Кермеде тартылу» сайысы. | Аудандық | Мадақтама<br>II орын |
| 7 | № 44 ЖББ | Белсенді қатысқаны үшін | Республикасы күніне орай өткізілген «Алтын күз» мерекесінде оқушылар арасында «Кермеде | Аудандық | Мадақтама<br>III орын |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тартылу» сайысы. | | |
| 8 | № 44 ЖББ | Белсенді қатысқаны үшін | Шағын футболдан 13-17 жасөспірімдер аралық ұлдар командалары арасында аудандық жарыс | Аудандық | Алғыс хат |
| 9 | Толымбеков Санжар | 9 сынып | Шаңғы жарысы | Аудандық | Мадақтама II орын |

**Оқушылардың оқу және оқудан тыс қызметінде өз мүмкіндіктерін іске асыру жағдайлары ( үйірме жұмысы, спорттық секциялар, көркем өнер үйірмесі, пікірталас клубтары, басқа да салалар)**

**Тәрбие үрдісін ізгілендірудің және мектептен тыс тәрбие жұмысын** жетілдірудің негізгі шарты - оқушыларға даралап ықпал ету тәсілі болып саналады. Оқудан бос уақытында жасөспірім ортақ істің ұйымдастырушысы, белсенді қатысушысы болуға үлкен мүмкіндік алады. Іске қатысушы ретінде ол алдына міндеттер қояды, оларды шешу жолдары мен құралдарын таңдайды, ақпарат алады, жеке тұлғаның дамуы, ержетуі және әлеуметтік бағытталуы іске асады.

Осыған байланысты біздің мектебімізде оқушының бос уақытын ұйымдастыру жүйелі түрде қолға алынған. Оқушының шығармашылығын дамыту, рухани байыту мен интеллектуалдық ахуалын кеңейту үшін жағдай жасалынған; оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруда өнер үйірмесі және спорттық секциялар жұмыстарының қызметі ұйымдастырылады.

**Мектеп оқушыларын үйірме мен секцияларға** (спорттық) **қамту және бос уақытын тиімді ұйымдастыру жолдары мен қамтылуы туралы мәлімет**

| № | Үйірме атауы | 2022/2023 |
|---|---|---|
| 1 | Баскетбол (қыздар) | 10 |
| 2 | Баскетбол (ұлдар) | 20 |
| 5 | Волейбол | 20 |
| 6 | Футбол | 20 |
| 7 | Өнерлі бала | 47 |
| 8 | Жас зияткер | 74 |
| 9 | Дебат | 10 |
| | Барлығы | 201 |

**Мектептен тыс қалалық үйірмелерге баратын оқушылар**

| № | Үйірме атауы | Қамтылған оқушы саны |
|---|---|---|
| **1** | **Саз мектебі** | **27** |
| | Дәстүрлі ән | 4 |
| | Хореография | 4 |
| | Вокал | 3 |
| | Би | 7 |
| | Пианино | 1 |
| | Домбыра | 6 |
| | Қобыз | 2 |
| **2** | **БЖО** | **11** |
| | Қуыршақ театры | 1 |
| | Кик боксинг | 1 |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Сурет үйірмесі | 2 |
| | Мәнерлеп оқу | 1 |
| | Бейнелеу өнері | 1 |
| | Тоғызқұмалақ | 4 |
| | Үстел теннисі | 1 |
| 3 | **Спорт мектебі** | **42** |
| | Дзюдо | 3 |
| | Күрес | 14 |
| | Самбо | 6 |
| | теннис | 1 |
| | Тоғызқұмалақ | 1 |
| | Ағылшын тілі | 2 |
| | Бокс | 2 |
| | Кик бокс | 4 |
| | Спорттық бағдарлау | 1 |
| | Волейбол | 3 |
| | баскетбол | 2 |
| | Шаңғы | 1 |
| | футбол | 2 |
| 4 | **Мәдениет үй** | 2 |
| | «Аңыз би» ансамблі | 2 |
| | Барлығы | 82 |

**«Жас Қыран» мен «Жас Ұлан» ұйымының**
**2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстардың есебі**

«Қарқаралы қаласындағы Мәди Бәпиұлы атындағы №44 ЖББ тірек мектеп (ро) жанындағы интернаты КММ-де» «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымының жоспарына сай, ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында республика бойынша барлық өңірлерде «Жас Ұлан» ұйымының жұмысын жандандыру, білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету, білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету, білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу, қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші және стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға қатысу мақсатында, қыркүйек айында ұйым туралы түсінік қалыптастыру, «Жас Ұлан» ұйымы қызметінің 7 бағытын ескере отырып алдағы оқу жылына арналған жоспарларын құру, ұйымнан шығармашылық топты ұйымдастыру, жарғысын бекіту, штатымен таныстыру үшін отырыс өткізілді.



Жоспарға сай қыркүйек айында, балалардың білімге құштарлығын арттыру, өзін – өзі басқару жұмысына жетелеу, ұжымдық жауапкершілікті сезіне білуге қалыптастыру. Оқушының дүние танымын, жан – жақты

Сканировано с CamScanner

ойлау қабілетін, ой – өрісін дамыту, көп ізденуге, бірін – бірі тыңдап, өз ойын еркін айтуға дағдыландыру. Оқушылардың мектепке деген құрмет сезімін ояту, «Өзін – өзі басқару әліппесін» меңгеру, болашақта мемлекет тұтқасын ұстайтын ұрпақты отан сүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында Мектеп Президентін және Ұланбасын сайлау өтті. «Ұланбасы» - «Жас Ұлан» көшбасшысы, оқушылардың өзін-өзі басқару органының жетекшісі болып есептеледі, мектеп оқушыларының қоғамдық қызметін басқарады, оқушылар мен мектеп әкімшілігінің өзара қатынастарын жүзеге асырады, мектеп қызметін жақсарту мақсатында өзінің және оқушылардың атынан ұсыныстар енгізеді, оқушылар мен ұстаздар арасында туындаған мәселелерді шешуге атсалысады, түрлі әлеуметтік жобалар мен шараларды ұйымдастырады.

Сайлау барысында Сайлау алды парақшалары таратылды, кандидаттардың тізімі белгіленіп, сайлауалды бағдарламалары ілінді. Үміткерлерді сайлау мектеп акт залында сайлау жәшігі қойылды, комиссия мүшелері отырып келген оқушыларға сайлау парақшасын бір – біреуден беріп, бір – бір оқушыдан сайлау жүргізілді. Оқушылар сайлау парақшасын белгілеп сайлау жәшігіне салып отырды. Әр – бір дауыс беруші бір ғана үміткерді таңдады. Сайлау комиссия үміткерлерді сайлау жәшігін ашып көріп дауыстарды санады. Мектепте Өзін – өзі басқару ұйымының президентіне және «Жас Ұлан» БмЖ ұйымының Ұланбасына үміткерлер:
9 «Ә»-сынып білім алушысы Шәріп Айша, 8-сынып білім алушысы Жеткенбай Набира, 9 «А»-сынып білім алушысы Амантай Әсем.

Қорытындылай келе сайлауға жалпы қатысқан 200-ден аса оқушының дауыс беруі нәтижесінде Өзін өзі басқару ұйымының президенті, «Жас Ұлан» БмЖҰ Ұланбасы болып Жеткенбай Набира болып сайланды.

Калған кандидаттар Мектеп Президентінің фракция жетекшілері және Ұланбасының бөлім жетекшілері болып сайланды.



Қазан айында, жоспарға сай отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның моделін дайындау, отбасы-Отанның бір бөлшегі екенін ұғындырып, жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

Сканировано с CamScanner














Қазан айында, Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру, ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүюге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу, оқушылардың танымдық деңгейін дамыту мақсатында тіл мамандарының ұйымдастыруымен Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Тілің – сенің тірегің» тақырыбында әдеби жәрмеңке ұйымдастырылды.





Сонымен қатар, қазан айында Ұлт ұстазы, қазақтың өткен ғасырдағы руханиятының көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы: "Мектептің жаны — мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі — білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім"- депті. Арада бір ғасыр өтсе де, Алаш арысының бұл сөзі әлі күн тәртінен түскен жоқ. Мектеп білім алушылары ұстаздар күніне орай мерекелік шаралар ұйымдастырды. Мектебіміздің ардагер және қарт ұстаздарымен кездесу, мерекелік концерттік бағдарлама өткізілді. «Жас Қыран» мен «Жас Ұлан» ұйымы "Дублер " күнін өткізсе, 1-11 сынып білім алушылары сыныптарында тәрбие сағаттарын өткізді. 10-11 сынып білім алушылары мектептің әр шарасының өткізуіне үлестерін қосты.

Сканировано с CamScanner





Қараша айында, мектеп білім алушылары арасында "Күз-мереке, күз-береке" мерекесіне орай "Күз ханзадасы мен ханшайымы" тақырыбында сайыс өткізілді. Жалпы сайыс 4 кезеңнен тұрды. 1 кезең бойынша әр сыныптың намысын арқалап келген жұптар өздерін таныстырса, 2 кезеннің тапсырмасы бойынша әртүрлі жанрларда өз өнерлерін көрсетті. 3-кезең бойынша табиғи материалдардан бейне, қолөнер бұйымдарын жасап әкеліп, таныстырды. 4 кезең "Сұлулық сырында" экологиялық қалдықтардан жарасымды киім үлгілерін тігіп, көпшілікке ұсынды. Сайыс қорытындысы бойынша 5 "А" сыныбының ханзадасы мен ханшайымы жеңіске жетті.



Желтоқсан айында, 2-5 сынып білім алушыларын "Жас Ұлан" "Жас Қыран" жасөспірімдер ұйымына қабылдау рәсімі салтанатты түрде болып өтті. Ұстаздар мен ұйым белсенділері өз Отанының патриоты, білімге құштар болуға, ел үшін аянбай еңбек етуге ант берген білім алушыларға салтанатты түрде галстук пен төсбелгі тағып сәттілік тіледі.



16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздік тұрағым-Тәуелсіздік тұмарым" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.
Мақсаты: Балалардың Отаны, Рәміздері, Елтаңбасы, Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Мәнерлеп тақпақ айтуға, сахналық көріністерді көрсетулері арқылы еліне, отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Отанын, елін сүюге тәрбиелеу. Тәрбие сағатында білім алушылар тәуелсіздік құрбандары болған батырларымызды





еске алып, өз ойларын ортаға салды, ел тарихы туралы сұрақтарға жауап берді. Тәрбие сағатының соңында «Тәуелсіздік ұраны» атты ән шырқалып, кластер жасалды.

Сканировано с CamScanner

Қаңтар айында «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымының ұйымдастыруымен «Дармарка – заттарға екінші өмір сыйла» акциясы өткізілді. Дармарка - мектеп білім алушылары өзіне қажет емес затын апарып, оған екінші өмір сыйлайтын алаң. Дармаркаға қатысқан білім алушылар өзіне қажет болмай қалған кез келген затын әкеліп, өзіне керек заттар алды. (жыртылмаған кітап, ойыншық, сөмкелер, спортқа қажет құралдар, әшекей бұйымдар, оқу құралдары) Осылайша зат екінші өмірге ие болып, экология мен қоршаған ортаға зор үлес қосады. Ең басты талап – дармаркаға әкелетін заттар таза, жыртылмаған, сынбаған, қолдануға жарайтын жағдайда болуы керек. Мектеп білім алушылары акцияға аса белсенділікпен қатысты.





Сонымен қатар осы қаңтар айында мектеп медбикесі А.К.Омарбекова білім алушыларға "Орви және гриптің алу" тақырыбында ақпарат берді. Білім алушыларға медбике тұмаудың алдын алу жолдары, асқынған жағдайда неге апаратынын, емделу жолдары, тұмаумен ауырған жағдайда қандай дәрумендер ішу керектігін айтып түсіндірді.



Ақпан айында ауған елінен Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 34 жыл толуына орай, білім алушыларға Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру, ардагер ағалармен ашық әңгімелесу, сұхбаттасу, өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету, Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу мақсатында "Ауғанның асуында от кешкендер" тақырыбында ауған соғысы ардагерлеріне арналған мерекелік концерт өтті. Іс-шараға өмірінің өлшеулі бір бөлігін, жалындаған жастық шағының жартысын оқ пен от арасында өткізіп, елге аман-сау оралып, туған жерімен қауышқан ауған соғысының ардагерлері, атап айтқанда, Татьяна Тусуповна-Ауған соғысында қайтыс болған Жақтыбаев Нағашбай атты пропорщиктің жұбайы, Канафин Ерғали Сайлауұлы, Әубәкіров Нұрлан Омарұлы-Ауған соғысының мүгедектері мен ардагерлерінің төрағасы, Жумадилов Шаймұрат Нәзімбекұлы, Нұрашов Қайырбек, Әбішов Ырымбай Тұрсынхановичтер қатысты. Шара ең алдымен ауған соғысында ерлікпен қаза тапқан боздақтарды 1 минут үнсіздікпен еске алумен басталды. Әрі қарай іс-шара мектебіміздің әнші, биші білім алушылардың өнерлерімен жалғасты.





Сканировано с CamScanner

Ақпан айында руханият бағыты бойынша мектеп психологы Мүрсәлім Айгүл Елубайқызымен бірлесе отырып жасұландықтар арасында «Өзін-өзі тану және рефлексия» тақырыбында тренинг өткізілді. Балалардың өзін-өзі түсіну мөлшері, өзін-өзі тану сипаты көптеген факторларға байланысты, соларға тәуелді. Өзін-өзі тану үрдісіне адамның өзінің ішкі әлеміне қаншалықты деңгейде үңілуі, оған деген қажеттілігінің мөлшері, тұлғаның рефлексияға деген қажеттілігінің мөлшері — бәрі де әсер етеді. Психолог балалрмен өзін-өзі тануының басты тәсілдері: өзін- өзі қадағалау, өзін-өзі сараптау, рефлексия, өзін-өзі сынау және өзін-өзі бағыттау екендігін түсіндіріп, жасұландықтармен тренигтер өткізілді.





1 наурыз алғыс айту күні – бұл, ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған келісім саясатының салтанатты күні. Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымының белгісі. Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды. Сондықтан бұл күнді тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көпэтносты халқының ортақ тарихын құрметтеу және қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақтастықты және өзара көмек көрсетуді қолдау мен рухани дәстүрлер күні деп түсіну қажет.

Сондықтан жас ұрпаққа өткенді ұғындырып, оның мән-мазмұнын түсіндіру мақсатында біршама іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Соны бірі Қазақстандық патриотизмді нығайту, Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын іске асыру мақсатында таңғы жиында әр ұлт өкілдерінен жинақталған мектеп оқушылары өздерінің ағыс-тілектерін, құттықтауларын өлең жолдарымен жолдады. Таңғы жиыннан соң мектеп оқушылары өздерінің алғыс, тілектерін жүрекшелерге жазып, ата-анаға, досқа, ұстаздарына деген лебіздерін білдірді. Бұл күн мейірімділіктің, достық пен махаббатының жарқын мерекесі болғандықтан оқушылар мен педагогтар, мектеп қызметкерлері бір-бірлеріне алғыс білдіріп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Сканировано с CamScanner






8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мектебімізде "Әлем бесігін тербететін жан - Ана" атты салттанатты концерт өтті. Мейірімділік пен сұлулықтың, даналықтың және рухани қуаттылықтың салтанат құрған күні шиелілік аяулы аналар мен қыз-келіншектер ерекше құрметке бөленді. Мерекелік кеште нәзік жанды әйел қауымын үлкен қуанышқа бөледі. Айтылған ізгі тілектер мен шырқалған әннің бәрі-бәрі бұл күні асыл ана, аяулы апа-қарындастар тақырыбында болды.

Наурыз мейрамы ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Наурыз мейрамы 22 наурыз күні аталып өтіледі. Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады. Халықтың баяғы түсінігі бойынша бұл түні даланы Қыдыр аралайлы. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киіп бір–бірімен қол алысып, амандасып төс қағыстырып жақсы тілектер айтылады. Мерекеге арнап жеті түрлі дәннен наурыз көже дайындалады. Дәстүрлі ұлттық ойындар: көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, тағы басқа ойындар ойналады. 22 наурыз күні күн мен түн теңеледі. Табиғат та жер ана да, жан-жануарлар да оянады. Ынтымағы жарасқан көп ұлтты еліміздің осы бірлігін

Сканировано с CamScanner

құдай ұзағынан сүйіндірген. Әрбір шаңыраққа қыдыр дарып бақ қонсын! Мұсылман қауымына исламның жеті байлығын тілейміз деген сөздермен 20.03.2019 ж. күні «Армысың, Әз Наурызым!» тақырыбында мектеп тәлімгері мерекенің салтанатты ашылу рәсімін жасады.

Мектеп директоры Б.Н.Мазин барша қауымды атаулы мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Әуендете орындалған әндер, нақышына келтіріліп билеген бишілердің тартуы мерекенің ажарын ашты. Сыныптардың жас ерекшеліктеріне ойластыра жасалған жоспар бойынша, әр сыныптың мерекені тойлатуы жоғары дәрежеде аталып өтті. 5 сыныптарға қазақтың ұлттық ойындарын паш етсе, 6 сыныптар ұлттық билерге терең тоқталып, сан қилы би көріністерімен тәнті етті, 7 сыныптар ұлттық сусындардың түрлерінің жасалу жолын түсіндіре отырып, көпшілікке көрсетсе, 8 сыныптар тамаша «Тұсау кесу» дәстүрін орындады, ал, 9 -10 сыныптар «Бесікке бөлеу», «Балаға ат қою» дәстүрлерін сахналық көрініс ретінде ұсынды. Бастауыш сынып оқушылары жетекшілерімен мерекелік концерттік бағдарламаны салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты байланыстыра отырып ата-аналар мен ұстаздарға тарту етті.

1-11 сыныптарда «Қош келдің, Әз Наурызым!», «Нұр себеле ұлыстың Ұлы күні» т.б тақырыптарда тәрбие сағаттарын өткізді.

Наурыз мерекесі жоғары дәрежеде тойланып, есте қалды.







Сәуір айында Эко-әлем бағыты бойынша жасұландықтармен «Менің қалам-таза қала» атты тазалық акциясы өткізілді.

Мамыр айында, мектеп білім алушыларымен әр сыныптың тәлімгерлері "Бірлік күні" сабақтары ұйымдастырылып өткізді.

Мақсаты: 1 - мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу.



Біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі - өнегесін оқушылардың бойына сіңіру. Бір

Сканировано с CamScanner

шаңырақтың астындағы халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, еліміздегі ұлт - аралық татулық әрдайым берік болып, қашанда ынтымақ, бірлік мәңгі жасай берсін! «Бірлік бар жерде тірлік бар» дейді халқымыз. Бұл сөз тек айтылмаса керек. Ауызбірлік пен түсіністік қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерлерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі. Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді. Мамыр айында еңбек бағытының ұйымдастыруымен, жастарды адалдыққа, адамгершілікке, рухани қазынамыз көркем әдебиетті қадірлеуге, кітапты сүйе білуге, күтіп ұстауға шақыру мақсатында «Кітаптарға көп рахмет» тақырыбында мектеп кітапханасына кітаптарды реттеп, көмектесуге акция өткізілді.

Жыл соңында жасұландықтармен отырыс өткізіліп, жылдық есептері тыңдалды. Осындай іс-шаралар алдағы уақыттада өз жалғасын табады.

**Ата-аналармен жүргізілген жылдық жұмыс қорытындысы.**

**2022-2023 оқу жылына жоспар жасалып директормен бекітілді. Жоспар бойынша** мектеп ата – аналарына арналған құқықтық жаппай оқыту жоспары құрылып жұмыстар атқарылды. Әр сынып бойынша ата – аналар комитеті мүшелерінің тізімі жасалды.

**Отбасылық тәрбие беру бағытында** 1 -сынып білім алушылардың ата-аналарымен "Менің балам қандай?" тақырыбында, 10 "А"-сынып білім алушыларының ата-аналарымен "Оқу мен тәрбие - егіз" тақырыбында , 5 «Ә» - сынып білім алушыларының ата-аналары арасында «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында, 4 «А» - сынып білім алушыларының ата-аналары арасында «Баланың бас ұстазы ата-ана» тақырыбында ата-аналар жиналыстары болып өтті. тренинг өткізілді.



Сканировано с CamScanner

Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 16 ақпанда № 13085 болып тіркелкен, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14-1) тармақшасына сәйкес бұйрық шығарылған болатын. Осы бұйрыққа сәйкес орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар бекітілген.

**Осы талаптарда мынадай негізгі ұғым қолданылады:**

3. Талаптардың мақсаты – міндетті мектеп формасын қолдануда орта білім беру ұйымдарының бірыңғай келісімін қамтамасыз ету, ата-аналардың мектеп формасына жағымды қатынасын қалыптастыру, оқытудың зайырлы сипатын сақтауда оқу орны басшыларының және қоғамдық кеңестердің (мектеп кеңесі, қамқоршылық кеңес, ата-аналар комитеті) жауапкершілігін арттыру.

4. Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар орта білім беру ұйымдарының фойесінде, ал таныстыру мақсатында орта білім беру ұйымдарының Интернет-ресурстарында жарияланады.

2. Орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар

5. Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасы (бұдан әрі – мектеп формасы) оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалады.

6. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі.

7. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

8. Ұлдардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

9. Қыздардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

10. Ұлдардың мерекелік формасы күнделікті формаға қосымша ақ жейдеден, қыздар үшін ақ түсті блузкадан құралады.

11. Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (кроссовка, кеды) тұрады.

12. Мектеп формасына классикалық пішіндегі мектеп формасының негізгі түсіне сәйкес немесе кереғар келетін галстук тігіледі.

13. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

**Қаулы:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 16 ақпанда № 13085 болып тіркелкен, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14-1) тармақшасына сәйкес білім алушылардың мектеп формасының жидесі ақ, түсі біріңғай көк түсті болып бекітілсін. Сонымен қатар мектеп және мектеп интернатының жөндеу жұмыстарының қорытындысымен таныстырылды.

« Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың және зиянды заттарды пайдаланудың алдын алу»

Сканировано с CamScanner

Мектеп бойынша ата – аналар комитетінің 2022 -2023 оқу жылына арналған құрамы бекітілді.

Ата –аналар комитетінің төрайымы: Ризабекова Г.Т.

Мүшелері: Темиржанова Д., Жолтай М., Мүздыбаева А., Смагулова Г.

2.1.Әкелер кеңес құрамы бекітілді.

Әкелер кеңес төрағасы: Таттымбаев Ж.

Мүшелері: Ыдырысов М., Райымбеков С., Оспанов М., Төлендин С., Ерманов Е., Мукашев С., Ахмадиев Қ., Бөдесов Д., Искаков А., Мүздыбай Е., искаков С., Мусилимов Қ.Ж., омаров Н., Абикеев С., Анзабеков Ә., Касимов Е.

3.аналар кеңесі құрамы бекітілді:

**Аналар кеңесінің төрайымы:** Бейсекеева А.

Мүшелері: 1а Омарова А.Қ, 2а Аманжол А.О., 2ә Мүздыбай А., 3а Адикова Г.,4а Сагинбекова Л., 4ә Адамова Г., 5ә Жұманбаева Н., 6ә Омарбекова Д., 7а Теміржанова Д., 7ә Егизбаева Г.Ж., 8 Шегенбаева А., 9а Жолтай М., 9ә Жоламанова Ж., 10 Мүрсәлім А.Е.

Қыркүйек айында «Сеніммен Болашақ» Республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігі-азаматтардың ерікті бірлесу нәтижесінде құрылған ұйым Қарқаралы қаласында форум өткізді.

Форумның мақсаты: отбасы құндылықтарының маңызын арттыру, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық сауаттылығын дамыту, өскелең ұрпақтың санасында шынайы патриотизмді жаңғырту және балалар мен ата-ана арасындағы достық пен серіктестікті нығайту.

Форумды ҚР оқу –ағарту ісінің үздігі, Ы.Алтынсарин төс белгісі мен «Ерең» еңбек үшін медалінің иегері Толеуханова Күліш Толеуханқызы мен «Сеніммен болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігінің негізін қалаушы, қоғам қайраткері Асанов Нүркен Жарылғапұлы өткізді.

Күліш Толеуханқызы ұстаз ретінде , ана ретінде мені толғандыратын бір сұрақ «Біз кімді тәрбиелеп жатырмыз, артымызда қандай ұрпақ өсіріп жатырмыз, болашақта біздің артымызда қандай ұрпақ қалады»- деген үлкен мәселе толғандырғандығын айтты.

Ал біздің «Сеніммен болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігінің негізін қалаушы, қоғам қайраткері Асанов Нүркен Жарылғапұлы ағамыз отбасындағы әкенің рөліне тоқталды.

Мектеп психологы А.Е Мүрсәлім Қазақстанның оқушыларының арасындағы буллинг мәселесімен /Мектепте қорлыққа ұшыраған баланың ата-аналарына арналған жадынамасымен таныстырып өтті. Сонымен қатар

ата-аналарға қазіргі балалар арасындағы буллинг және кибербулинг ммәселесі бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Ата-аналардың міндеті қысымға түскен баланы қорғау және қолдау ғана емес, сонымен қатар оны қоршаған адамдармен дұрыс, салауатты қарым-қатынас жасауға үйретті. Күнделікті өмірде зұлымдық қатігездік және агрессиямен қақтығыс болдырмау керек екендігін және балаға «жоқ» «болмайды» деген сөзді айтып үйрету керектігін түсіндіріп өтті.

Ақпарат соңында ата-аналардан сауалнама алынды. Сауалнама бойынша қорытынды жасады. Қазақстанның оқушылары арасындағы буллинг мәселесімен және мектепте қорлыққа ұшыраған баланың ата-аналарына арналған жадынаманы ата-аналар басшылық алып, бала тәрбиесінде қолдансын.

Оқушылардың құқық бұзушылығын алдын алу, ата-аналардың құқықтық тәрбиесін арттыру мақсатында ата-аналар жиналысы болды. Онда, қазіргі қоғамдағы ең маңызды мәселелерінің бірі – бұл жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың көбеюі. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін балаларымыздың бойында дұрыс

Сканировано с CamScanner

құқықтық тәрбие мен құқықтық білім беруіміз керек. Құқықтық тәрбие дегеніміз не? Құқықтық тәрбие дегеніміз – бұл Құқықтық білім беру – нақты айтсақ, құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықты ұғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды. Құқықты ұғынумен қоса, тұлғаны заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру. Аталынған белгілер оқушыларды құқықтық тәрбиелеу негізінде отбасынан және мектеп табалдырығынан бастап жүзеге асады. Құқықтық мәдениеттің негізгі белгілері: заң нормаларын білу, заң нормаларын орындау: заң нормаларын бұзбау; заң күшіне сену және т. б. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ата - аналарға арналған жаднамамен таныстырылды. Жиналыс соңында, ата-аналар өздерінің арасында тұлға аралық қатынастары мен жалпы психологиялық-педагогикалық мәдениетін дамыта отырып, өзін-өзі жетілдіре отырып, балаларды тәрбиелеуге идеалды атмосфераны құрайды. Балалардың ақыл-ойының дамуы, болашақтағы тұлғалық қатынасының дамуы, қоғамда жетістіктерге қол жеткізуі отбасына байланысты. Сондықтан да бүгінгі тәрбие сағатымызды А.Сухомлинскийдің сөзімен аяқтағым келіп отыр: «Тек қана ата-аналармен біріге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін» сөздерімен қорытындыланды.

Қараша айының 4 жұлдызында мектепішілік жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібі бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Т.Искакова ата-аналарға "Отбасы-мектеп" жобасы аясында мектепішілік аналар, әкелер мектебі кеңесінің құрылуы туралы мәселе қарастырылса, мектеп психологі А.Е.Мүрсәлім Қазақстанның білімалушылар арасындағы буллинг мәселесі бойынша ақпарат беріп, мектепте қорлыққа ұшыраған балалардың ата-аналарына арналған жадынамамен таныстырып өтті. Мектептің әлеуметтік педагогі С.Б.Молдабек білімалушылар өмір қауіпсіздігімен қамтамасыз ету және жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың және зиянды заттарды пайдаланудың алдын алу мәселелесі бойынша ата-аналарға





түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Тәрбие жоспарына сәйкес қаңтар айында 6 «А» сынып ата-аналары мен оқушылар арасында «Жақсы қарым –қатынас ізгілік пен адамгершілік бастауы» атты тренинг сабағы өтті.

Мақсаты: Адам өміріндегі қарым - қатынастың мәні туралы түсінікті беру;
Оқушылардың жағымды қарым - қатынасын дамыта отырып, ізгілікке тәрбиелеу;
Оқушыларға қарым - қатынасты үйрете отырып, көңіл күйін басқара білуге үйрету.

1.Сахналау (жұптық жұмыс)
2.«Жағдаяттан шыға білеміз бе?» ойыны
3. «Рөлдік ойын» 4. «Әдептен озбайық» ойыны



Сканировано с CamScanner



Білім алушылар әдепті болу – адамды басқалармен жақсы қарым - қатынас жасауға, олардың сөзін тыңдай білуге, өзара сыйластыққа қол жеткізуге және үлкендерге құрмет, кішілерге ілтипат көрсетуге негіз болатынын, адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығатынын түсінді. Ата-аналар және баланың басқа заңды өкілдері арасында білім беру қызметтерін ұсыну туралы келісім шартпен таныстырылды.

Білім алушылардың бойына әдептілік қағидаларын меңгерте отыра, зиянды әдеттерден бойларын аулақ ұстауға шақыру және салауатты өмір салтын ұстануға дағдыландыру мақсатында мектебіміздің директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Т. Искакова 6 а сыныбында Зиянды әдеттердің алдын алу және жеңу бойынша (Темекі шегу, алкоголь. есірткі) білім алушыларға профилактикалық іс-шаралар аясында әңгіме сағатын ұйымдастырды.

**Ата-аналар назарына нормативтік актілерді ұсынылды.**

Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға

қойылатын талаптарды бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым мінистрлігінің террористік тұрғыдан осал

объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік

тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі

нұсқаулықты бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 сәуірде № 27414 болып тіркелді
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы

Сканировано с CamScanner

Жоспар бойынша жұмыстар атқарылып келесі оқу жылына жоспар құруға дайындықтар жүргізілуде.

**Кеткен кемшіліктер:**

1. Ата –аналардың балаларының оқу- тәрбие процесіне төменгі деңгейде қатысуы.
2. Интернат тәрбиеленушілерінің ата-аналарының жиналысқа қатыспауы.

**Шешімі:** 1. Ата-аналық міндетін орындамаған ата-аналарды құқықтық жауапкершілікке тарту.

3. Сынып жетекшілермен ата-аналардың арасындағы жұмысты түрлендіру.

**Қаулы:**

2.2022-2023 оқу жылының жоспарына сәйкес ата-аналар комитетінің жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстар **қанағаттанарлық** деп есептелінсін.

**SWOT талдау**

| **S күшті жағы** | **W әлсіз жақтары** |
|---|---|
| Мектебімізде жағымды психологиялық ахуал жоғары деңгейде қалыптасқан.<br>Ұжым ішінде әртүрлі кештер, спорттық жарыстар, іс-шаралар болып тұрады.<br>3 сынып жетекші сынып жетекшілер курсынан өтті<br>ӘП, ПП, ДТЖЖО «Буллинг –себептері, формалары, алдын алу» біліктілік курсынан өтілді<br>Дарынды және талантты балалармен жұмыс жүйесі құрылды.<br>Мектеп және сынып активтерінің болуы, көшбасшылар тобы.<br>Өзін-өзі басқару жүйесінің болуы.<br>Жас Ұлан, Жас қыран ұйымының болуы<br>Ата-аналарды жалпы мектеп іс-шараларына қатысуға тарту;<br>Мектеп газетінің болуы<br>«Адал ұрпақ» клубының болуы<br>Спорттық секциялардың болуы<br>«Өнерлі бала», «Жас зияткер» үйірмелердің болуы | Мектеп жанындағы интернат тәрбиеленушілерінің санының жылдан жылға төмендеуі және жиі ауысуы<br>Сынып ұжымындағы активпен жұмысты әлсіз ұйымдастыру;<br><br>Интернат тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен байланыстың төмендігі.<br>Оқу кабинеттерінің аз болуы<br>Тәрбие орынбасарының, психолоктің, тәлімгердің, әлеуметтік педагогтердің жеке кабинетінің болмауы<br>Патриоттық тәрбие жүйесінің ұйымдастырылуы төмендігі |

Сканировано с CamScanner

| **О мүмкіндіктері** | **Т қауіп-қатерлер** |
|---|---|
| 1.Кәсіби біліктілікті үнемі арттыру сынып жетекшілері.<br>2. Қоғаммен байланысты кеңейту, мектептің әлеуметтік серіктестерін іздеу.<br>3. Білім беру мекемесінде ақпараттық желі құру.<br>4. Әр түрлі инновациялық педагогикалық технологияларды, жұмыс формалары мен әдістерін енгізу.<br>5. Мектептегі балалардың өзін-өзі басқару моделін жетілдіру.<br>6. Мектеп және сынып активтерінің болуы, көшбасшылар тобы.<br>7. Акция, ашық есік күнін ұйымдастыру жұмыстары арқылы мектеп жанындағы интернатқа балаларды тарту; | Жоғары санатты мұғалімдердің зейнеткерлікке шығуы сынып жетекшілердің жоқтығы<br>Психолг- сынып жетекші<br>Тәлімгер- сынып жетекші<br>Педагогикалық этиканы сақтамау, педагогикалық және коммуникативті мәдениеттің болмауы.<br>Ата-аналардың білім деңгейінің төмендігі (көпшілігінде жалпы орта білімі бар).<br>Кейбір ата-аналардың балаларын оқытуға құлықсыздығы.<br>Бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет желілерінде қауіпті ақпараттың үстемдігі.<br>Әлеуметтік педагог маманының жоқтығы |

**Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары** **Ж.Т. Искакова**

Сканировано с CamScanner